1. Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының мақсаты.

XX ғ-дың 20-30 ж. шебінде елдің экономикасы мен қоғамдық-саяси өмірінде „күштеу" саясаты негізгі тәсілге айналды. КСРО-дағы кең ауқымды және жеделдете индустрияландыру шаралары азық-түлік қорының, әсіресе астықтың жетіспеуі мәселесін туындатты. ЖЭС-тен кейін астықты негізгі өндірушілерге айналған кулактар мен орташа шаруалары мемлекетке астықты төмендетілген баға бойынша сатудан бас тартты. 1927 ж. КСРО-да астық дайындау дағдарысы туындады. Мемлекет қаланы астықпен қамтамасыз ете алмады. Бұған қоса, КСРО дүниежүзілік нарыққа астық шығарып, түскен қаражатты индустрияландыруға жұмсады. Аграрлық сала қорларын өнеркәсіптік салаға аудару жүйесі тежеле бастады. Сондықтан өкімет азық-түлік мәселесін шешу үшін күштеу әдісін пайдаланып, ұжымдастыру саясатын жүргізді.

2. Қазақстандағы ұжымдастырудың қарқыны мен барысы.

Қазақстан үшін ұжымдастыруды жүргізу мерзімдерін Мәскеу белгіледі. ОК Қазақстан үшін ұжымдастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау міндетін қойды. Бұған тек көшпелі аудандар ғана қосылған жоқ. Ұжымдастыруды жергілікті партия, кеңестік органдар, МТС жүзеге асырып, олардың жанынан саяси бөлімдер құрылды. Республикадағы ұжымдастыруды жүргізген бұл адамдар „көшпелі мал шаруашылығы", „отырықшылану" деген ұғымдарды мүлде түсінбеді. Сондықтан отырықшылану мен ұжымдастыру көшіп-қонуға тыйым салу, күштеп отырықшыландыру және жергілікті жағдайлар ескерілместен барлығын ұжымшарларға қуып әкелу жолымен жүргізілді. 1932 жылдың 7 тамызында „Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұжымшарлар мен кооперативтердің мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы" Заң қабылданды. Ол „Бес масақ туралы" Заң деген атпен танылды. Өзінің екінші атауын шаруалардың егістіктегі астықтың қалған масақтарын жинағаны үшін жаппай соттаудан алды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ